# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПАТЕНТ ВЕДОМСТВОСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ<*>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 28 сәуір 1994 ж. N 439

Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жер атаулары туралы" Заңы мен Қазақстан Республикасының Патент Заңын тиімді жүзеге асыру, өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы нұсқалар мен тауар белгілеріне берілген өтінімдерге мезгілінде сараптама жасауды қамтамасыз ету, отандық және шетелдік өтінім берушілердің құқығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосының жанынан сарапшылық-әдістемелік орталығы құрылсын, оған өнеркәсіптік меншіктің барлық объектілері, өсімдіктердің жаңа сорттары мен малдың жаңа тұқымдары бойынша өтінімдерге сараптама жасауды жүзеге асыру міндеттері жүктелсін. <*>

ЕСКЕРТУ. Қаулының атауынан және 1-тармағынан сөздер алынып тасталды - ҚРҮ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. P961031_

2. <*>

Ескерту. 2-тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен. P960031_

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сарапшылық-әдістемелік орталығын қаржыландыру көздерін белгілесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК